

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

личной выгоды, возможно, и даже необходимо пренебречь. Это, предположительно – и есть та самая свобода.

Если кто-то начинает помещать интересы общего выше частных интересов, это считается в современном обществе нарушением прав человека и тоталитаризмом.

Каждая независимая культура с различным уровнем успеха нащупывает баланс между общественным и частным. В Китае семья стала областью самого успешного поиска. Человек трудится стараясь нести «все в дом, все в дом» – и знает, что работает в пользу страны; человек трудится не жалея себя ради страны, и знает, что все, что он делает, делается для любимой семьи. Такой подход вовсе не исключает стремления к прижизненному успеху.

Судя по тому, как долго и успешно, несмотря на все гримасы истории, существует китайская государственность и тому, какой мощью может хвастать культура Китая, – в целом, ее способы оптимизации административного аппарата показывают чрезвычайно высокую эффективность. Главная тайна жизнеспособности китайской государственной системы скрыта не в каких-либо специальных законах, а в идеологии мобилизации – той, что была развита и создана веками китайской истории.

Эта идеология обеспечивает приток в бюрократию, по крайней мере, минимального необходимого числа искренних, жертвенных государственных деятелей, а остальных так или иначе держит в узде.

Разрушение старой идеологии приводит к проявлению еще худшей тирании – свободный, недобросовестный произвол яростно обогащенной бюрократии и групп, связанных с нею под маской наконец-то установленной свободы. Можно сказать, что государство, обреченное на высокий уровень степени национализации экономики, всегда будет заложником эффективности идеологии мобилизации, принятой в нем.

Список использованных источников:

1. Смирнова Л.Н. Борьба с коррупцией в КНР: международный опыт и «особая китайская модель», диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук. – Москва, 2014 г. – 210 с.
2. Суханов В.А. Международное сотрудничество в борьбе с коррупцией в органах власти, диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук. – Москва, 2014 г. – 186 с.
3. Мишин Г.К. О теоретической разработке проблемы коррупции / Под ред.
4. В.В. Лунеева // Коррупция: политические, экономические, организационные и правовые проблемы. – М.: Юрист, 2001. – 271 с.
5. СинЯнь, Организованная преступная деятельность в Китайской Народной Республике, диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – Москва, 2004. – 187 с.

ӨОЖ 81'373.23

ТҮРКІ АНТРОПОНИМИЯСЫНЫҢ ОНОМАСТИКА ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

Аманова Мадина

madinaamanova94@mail.ru

ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті түркітану кафедрасы

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – У.А. Мусабаевна

Антропонимияның ономастика ғылымында зерттелу жағдайлары төңірегінде қазақ тіл біліміндегі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Қ.Рысбергенова, Б.Тілеубердиев т.б. жалпы тіл білімі

мен орыс тіл біліміндегі В.Фон Гумбольдт, А.Потебня, Э.Сепир, Б.Уорф, К.Леви-Стросс, Е.Верещагин, В.Воробьев, В.Маслова, И.Толстой т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлерін басшылыққа алып, сүйенеміз.

Рухани мәдениет негіздері, халықтың танымы, этнографиялық, заттық мәдениетке қатысты атаулар, этнолексика, қазақ ұлтына тән мәдени-дүниетанымдық ерекшеліктер Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, Е.Жұбанов, Н.Уәлиұлы, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Г.Смағұлова, Қ.Рысберген, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева т.б. еңбектерінде арнайы зерттелді.

Жалпы және орыс тіл білімінде лингвомәдениеттану жеке сала ретінде зерттеліп В.Н.Телия, Ю.С.Степанов, Н.Д.Арутюнова, В.В.Воробьев, В.Шаклеин, В.А.Маслова т.б. сияқты ғалымдар теориялық тұрғыдан дәлелдеді.

Көне түркі ономастикасына қатысты маңызды материалдар түркілер мен славяндардың ұзақ уақыт бойы тығыз қарым-қатынаста болғанын дәлелдейтін ежелгі славян ескерткіштерінде көрініс тапқан. Бұл қарым-қатынас пен өзара тығыз байланыс Киев Русінің қалыптасу кезеңінде және оның тарихи даму кезінде Шығыс Еуропада мекендеген, осы территорияда бірқатар мемлекеттік билігін жүргізген түркі тайпасымен тығыз қарым-қатынас орнату кезеңінде ерекше мәнге ие болды.

Түрколог Н.А.Баскаков славяндар мен көне түркі тайпаларының арақатынасын былай көрсетеді: «Ежелгі орыс жазба ескерткіштерінде, оның ішінде негізінен қолжазба ескерткіштері мен көркем шығармаларда Шығыс Еуропадағы көне түркілердің топонимдері, антропонимдері мен этнонимдері сақталған. Бұл мәліметтер филологтардың, этнографтардың, тарихшылардың қызығушылығын арттырып, зерттеуге септігін тигізген». Ежелгі орыс мұраларынан табылған түркілер ономастикасына қатысты бұл құнды материалдар зерттеушілердің бірқатар еңбектерінде айқын жарық көрді. Мысалы, Н.А.Баскаковтың еңбегінде қыпшақ антропонимдері мен этнонимдеріне дәйекті талдау жасалды, Шығыс Еуропадағы көне түркілер этнонимдері мен антропонимдерінің моделіне типологиялық сипаттама берілді, түркілердің мифологиялық және эпикалық кісі есімдері әртүрлі аспектілерде зерттелді т.б. Кең көлемді бұл материал ғалымның «Слово о полку Игореве» деген монографиясы мен «Русские фамилии тюркского происхождения» кітабында, бірқатар мақалаларында жан-жақты қарастырылды [1, 75].

Ежелгі орыс тіліндегі түркі лексикасын зерттеуші И.Г.Добродомов ежелгі орыс мұраларындағы түркі ономастикасы мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Оның зерттеулерінде функционалды және этимологиялық тұрғыдан бірқатар қыпшақ антропонимдері талданды, ежелгі орыс этнонимдеріндегі булгаризмдер, ежелгі орыс мұраларындағы түркілік топонимдер мәселелері қарастырылды.

К.Менгестің «Восточные элементы в «Слово о полку Игореве» еңбегінде түркі ономастикасы мәселесіне қатысты бірқатар құнды ескертпелерін көрсетеді.

Тіліміздегі антропонимдердің шығу, даму негізі халқымыздың өткендегі тарихымен тікелей байланысты. Қазіргі тіліміздегі кісі аттарының көбінің көне түркі есімдермен түбірлес, мағынасы ұқсас, жасалу тәсілі мен құрылысы жағынан бірдей болып келуінің сыры – есімдердің шығу тарихы жағынан көне түркі заманы мен орта ғасырларда пайда болған антрополексемалық жүйенің жалғастығы болып саналатындығында.

Осымен байланысты *көне қыпшақ антропонимдерін әлеуметтік лингвистика тұрғысында зерттеу дегеніміз* – бұл есімдердің пайда болу табиғатын анықтауға әлеуметтік факторларды қатыстыра отырып зерттеу. Ескі қыпшақ тілі, қазіргі кезде қолданыста жоқ, өлі тіл болғандықтан бұл тілдегі есімдер әлеуметтік лингвистиканың зерттеу нысаны (объектісі) болып табылады. Ескі қыпшақ тілінде сөйлеген этностардың XI-XIII ғасырларда шығыста Ертіс, батыста Днепр өзендері аралығындағы Еуразия далаларын мекендегендігі тарихшы-археолог, этнолог, шығыстанушы ғалымдардың еңбектерінен белгілі.

Половец-қыпшақтар мен кумандардың тарихын, этнографиясын зерттеген «Половцы» деген еңбегінде С.А.Плетнева оларды: кун – кумандар және половецтер дейтін екі үлкен тайпалар бірлестігіне бөледі [2, 60].

XI ғасырда Днепрдің батысын жайлаған кун – куман, печенег, оғыз және Днепр мен Еділ өзендерінің аралығын мекендеген печенег, оғыз, болгар, алан қалдықтары мен *Анджоглы, Башқұрт, Бурджоглы, Джусан, Дурут, Емяк, Етебичи* немесе *Иета, Кангароглы, Қарабароглы, Китанопа, Отперлю, Саксин, Тарголове, Токсоба* т.б. этностар немесе әлеуметтік топтар ретінде өзара бір-бірімен саяси-экономикалық, тілдік, мәдени жағынан байланысты болып, иерархиялық түрде қоғам болып ұйымдасқан.

Половец қоғамындағы экономикалық мәдени-әлеуметтік өзгерістерге байланысты көптеген тайпа, ру, одақ басшылары есімдерінің соңына «баспана», «тұрақ» мағыналарын білдіретін «оба» дейтін көне түркі сөзінен туындаған «опа», «епа» морфемалары қосарланып, содан *Урсоба, Алтунопа, Аена* секілді кісі атаулары пайда болған.

XI ғасырда половец қоғамында әскери демократиядан ерте феодализмге өту кезеңі жүргені тарихи деректерден белгілі. Табормен көшу сатысындағы экономикада қоғамдық қатынастардың әскери-демократиялық құрылымда болатындығы белгілі.

Ал әскери-демократиялық құрылысқа тайпалар одағы сияқты саяси-әлеуметтік бірлестік тән. Еділ мен Днепр аралығында алғашқыда XI ғасырда көшіп-қонған *Боняк, Шарукан, Тугоркан, Урусоба* сияқты хандар басқарған бірлестіктер тура осындай тайпалар одағы болған.

Бірнеше тайпалардың бірлестігін С.А.Плетнева «орда» дейтін терминмен атаған. Половец және куман қоғамдарының әрқайсысынан бірнеше орда құраған. Ал орданы көптеген курендер құраған. *Курен* дегеніміз – *токсоба, төртоба, етибичи, иета* секілді этнонимдердің бірлестігі. Қыпшақтану мәселесімен айналысқан зерттеушілердің барлығы дерлік *токсоба* этнонимінің бірінші компоненті – *токс* сөзін, *тогуз* немесе *тоғыз* сан есімінің ықшамдалған фонетикалық варианты. Ал екінші компонент – *оба* сөзін, жоғарыда көрсетілгендей «ру-тайпа» мағынасын білдіретін көне түркі атауы деп қарайды. Осы сияқты *тортоба* да, *төрт* сан есімі мен *оба* дейтін көне түркі сөзінен біріккен екі компонентті этноним.

Етибичи – *иета* немесе *жеті* сан есімі мен *оба* сөзінің жіңішке фонетикалық варианты, *еби* және *чи* суффиксімен құралған үш компонентті этноним. Сонда *токсоба, төртоба, етибичи* дегеніміз – *тоғыз, төрт* және *жеті* рудан құралған бірлестіктер болып шығады.

Олай болса, жоғарыдағы түркітанушылардың, этнологтардың, шығыстанушылардың көне түркі «оба» сөзі мен оның фонетикалық варианты, «ру-тайпа» мағынасын білдіретіндігін анықтадық. Егер де *оба* сөзі мен оның фонетикалық варианты «ру-тайпа» мағынасын білдірсе, онда қалай *Алтунопа* есімі: қымбат металл мағынасын білдіретін *алтун* және әке жағынан «аға», «әке» мағыналарын білдіретін *аба* немесе *ана* сөздерінен құрала алады.

Егер де половецтерде *Алтунопа* атауымен аталған ру болған болса, онда олардағы *Алтунопа* есімінің екінші компоненті *опа* – «ру» мағынасын білдірген. Олай болса, жоғарыдағы тұжырымымызға сәйкес *Алтунопа* есімінің де екінші компоненті *оба* мен оның фонетикалық варианттары – «ру» мағынасын білдірген деп тұжырымдауға болады. Оған негіз болатын дәйекті, мысалы, қазақ этнонимдерінің атауларымен сабақтастыра дәлелдеуге болатын сияқты. Қазақтың *Кіші жүзі Алшын* және *Жетіру* дейтін екі бөлікке бөлінетіндігі белгілі. Х.Арғынбаев, М.С.Мұқанов, А.Востров секілді тарихшы-этнолог ғалымдардың пікірінше, Алшын бөлігінің Байұлы тармағы 13 рудан құралған, осылардың бірі – *Алты*. Осы зерттеушілер Байұлы тармағына жататын Байбақты руында *тоқсоба* дейтін атаның барлығын атап көрсетіп, бұл ру орта ғасырда Дешті Қыпшақты жайлаған қыпшақтардың құрамында болған деген пікір білдіреді [3, 372]

Қыпшақтану мәселесімен айналысып жүрген зерттеушілердің басым көпшілігі орта ғасыр деректемелерінде кездесетін қыпшақтардың бір тайпасы *Бурджоголыны* Алшынның Байұлы тармағына кіретін *Беріш* руымен шендестіріп, екеуін бір этнос деп есептейді [4, 312].

III - ч, дж тарихи дыбыс сәйкестігіне сай *Бурджоголы* этнонимінің бірінші компоненті – *бурдж* сөзін, *Беріш* этнонимімен шендестіріп, *беріш* қабылдап, жоғарыда көрсетілген

қыпшақтанушы зерттеушілердің *Бурджоголы* мен *Беріш* этнонимдерін бір этнос деп есептейтін пікірімен келісуге болады.

Себебі *Алшынның* Байұлы тармағының бірнеше руы, орта ғасырлардағы қыпшақ конфедерациясына кірген. Осындай тарихи-этнологиялық фактілерге және компонентті половец есімдері – этностардың, кісі атаулары ретінде берілген бейнесі, формасы екендігіне сүйене отырып, Байұлы бірлестігінің *Алтын* руы мен орыс жылнамаларындағы *Алтунопа* есімін шендестіріп, бұл екеуін бір этнос дей аламыз.

Егер де половецтерде *Алтын* руының этнонимі негізінде және осы рудың көсемінің аты ретінде пайда болған *Алтунопа* есімі бар болса, онда оларда Байұлы бірлестігінің *Алтын* руымен тегі (генезисі) бір *Алтын опа* руы да болған деп ойлауға болады. Егер де половецтерде *Алтунопа* атауымен аталған ру болған болса, онда олардағы *Алтунопа* есімінің екінші компоненті *опа* – «ру» мағынасын білдірген. [5, 30]

Этнонимдердің кісі есіміне негіз болу заңдылығы – түркі тілдерінде кездесетін құбылыс. Мысалы, *Арғынбай, Адай, Найманбай* (Әсет Найманбаев т.б.), *Қоңыратбай* (Ә.Қоңыратбаев т.б.), *Алшынбай, Жаппас* т.б. Бұл бөлігінің этномәдени сипат ретінде қазақ тілінде ұлттық киімдердің соның ішінде бас киімнің атауларында қалыптасқанын профессор Е.Жанпейісов М.Әуезов шығармашылығы тілі негізінде нақты көрсеткен: *жекей тымақ, керей тымақ, қаракесек тымақ, найман тымақ, сегіз сай уақ тымағы, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы* [6, 25]

Көне түркілер және олардың негізгі бір руы *ашина* деп аталады. *Ашинаның* шығу тарихы және этимологиясы туралы көптеген автор жазған болатын. Солардың ішінде С.Аманжолов, Л.Гумилев, С.Кляшторный және Ю.Зуевтің пікірлерін атауға болады [7, 25 б.].

Профессор С.Аманжолов Кіші жүздің құрамына кіретін алшын тайпа одағы мен көне түркілердің *ачин// ашин* тайпасын байланыстыра қарады. Автор алшындардың көне қонысы Алтай болған, сондықтан Алтайды ертеден мекендеген найман тайпасы мен алшындардың таңбасы бірдей екені ескертеді. Ашина сөзінің этимологиясы туралы екінші автор ғалым Л.Н.Гумилев былай жазады: «С этим языком (древнемонгольским) ашина в 439 г. перешли на северную окраину Гоби. Слово *ашина* значило «волк». По-тюрски волк - «бури» или «касқыр», а по-монгольско *шоно/чино*. А – перефикс уважения в китайском языке. Следовательно, *ашина* значит «благородный волк», арабской записи слово сохранилось этого имени – *шанэ*» [8, 23].

Түрколог С.Г.Кляшторный «ашина рудың негізін салушы ананың аты» деген, ал профессор С.В.Киселев «рудың аты ананың атымен аталуы сенім тудырады», яғни ашина ананың аты ұлдарына және руға берілуі көне түркілер қоғамында матриархаттың әлі жойылмаған кезінде жүзеге асырылған. А.Махмұтов матриархат заманының қалдығы көне түркі жазуларындағы сақталынып, әйел образы тас дәуірінде мүсін болып жасалғанын, үрім бұтақ, туыстық белгілер әйел есімімен тығыз байланысты болғанын атап көрсетті [9, 73].

Түркі әлемінде, қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде ислам дінін қабылдауға байланысты өшпес өркениет болып қалған құндылықтардың бірі – *араб есімдері*. Антропонимиялық лексиканы зерттеу теориясына сай әрбір этностың, тайпаның (ұлттың, халықтың) ұзақ даму барсында қалыптасқан азаматтық тарихымен қатар, антропонимиялық тарихы болатыны белгілі және ол тарих сол қауым мүшелері жасаған есімдерінің қалыптасу процесін олардың заман талабына, саяси-әлеуметтік, мәдени, діни өзгерістерге байланысты жаңаланып, жаңғырып, аусып, дамып отыратынын көрсете алады.

Зерттеуші В.А.Никонов: «Первый закон антропонимики, как всей ономастики – историзм» [10, 63], – деп антропонимияны халықтың өткен тарихсыз зерттеуге болмайтынын ескертеді.

Қазақ халқының мәдени рухани өмірінде ислам дінін қабылдауға байланысты өркениет болып қалған құндылықтардың біріне араб есімдері жатады. Түркі дүниесіне Иран халықтары тарапынан болған әкімшілік, мәдени әсерлер мен Ислам дінінің IX-X ғғ. бастап кең тарауына байланысты қазақ есімдерінің даму үрдісіне иран, араб тілдерінің әсері күшті

болды. Бұл дәуірде әдебиет, мәдениет, әкімшілік, әсіресе діни ұғымдарды білдіретін сөздер кісі есімдеріне айнала бастады.

Араб халқында кісінің толық аталуы үшін бірнеше атаулар бірге қолданылады: есімі, әкесінің аты, кунья (баласының қатыстылығы), лақабы, ныспысы (шыққан жеріне немесе айналысқан кәсібіне байланысты), мансабы (атақ-шеніне байланысты): *Мухаммад Абу Али ибн Сина Махмуд ат-Түркі ат-Табиб*. Мұнда *Мұхаммад* – өз аты, *Абу Али* – Әлидің әкесі, *Ибн Сина* – Синаның баласы, *Махмуд* – лақап аты, *ат-Түркі* – түркілік, *ат-Табиб* – дәрігер. Қазақ (түркі) зиялылары орта ғасырларда осы үлгіні алған. Тарихи деректерде араб есімдерін алдымен ел билеуші топтар мен зиялы қауым өкілдерінің қабылдағанын көрсетеді [11, 28].

Арабтар ислам дінін енгізумен бірге жергілікті халықтың антропонимдеріне де әсерін тигізді. Оны араб тілінен енген қазіргі кезде көптен кездесетін кісі аттарына байланысты айтуға болады: мысалы, апта күндеріне қатысты қазақ кісі аттары көптеп кездеседі. Оның ішінде негізінен *бай, бек, жан, ғали, күл, гүл, бике* сөздерін қосу арқылы адам аттарын қоя береді: *Сембек, Жексембек, Дүйсембек, Сейсенбек, Сәрсенбек, Бейсенбай, Жұмағали, Жақсыбике, Жұмабике* т.б. Осы мәселенің арнайы зерттелуі Ж.Ағабекованың еңбегінде жеке қарастырылған [83, 16]. Мысалы: *Рахман – мейірімді Рахман, Рахманберді, Раман, Әбдірахман, Әбіш* (қысқарған түрі),

Әл-Әзім – ұлы Әзім, Әзімбай, Әзімхан, Әзімжан, Әзімбек

Әл Уәли басқарушы, Уәли, Уәлиахмет, Уәлиолла [85, 22].

Түрік халықтарының мәдениетінде аспанмен қатар оның шырақтары да құдай деңгейіндегі күдіретті, қасиетті құбылыс деп танылған. Бұл мағынада, әсіресе күннің атқаратын рөлі ерекше. Ертедегі миф-аңыздардың, ертегілердің кейіпкерлерлерін *Күнсұлу, Күн астындағы Күнікей* және т.б. деп бекер атамаған. Бұл мәдениетті *солярйлік* (күндік) деп атауға негіз жеткілікті. Археологиялық және этнологиялық деректер Күн мен Адамның тығыз байланысын көрсетеді. Мысалы, *Саймалы-таш, Тамғалы, Ешкі өлмес* аңғарларында басы күн тәрізді көптеген құдай мен адамдардың петроглифтік суреттерін ғалымдар тапқан [12, 89].

Оның теориялық-әдістанымдық негіздері В.Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорф, Г.В.Колшанский, Ю.Н.Караулов, А.Вежицкая, В.Маслова т.б. еңбектерінде жасалған. В.Гумбольдт концепциясы (тұжырымдамасы) А.А.Потебня, Ш.Балли, И.А.Бодуэн де Куртэне, Р.О.Якобсон және басқа зерттеушілер еңбегінде жалғасын тапса, қазақ тіл білімінде Ә.Т.Қайдар, Е.Жанпейісов, Р.Сыздық, К.Хұсайын, Г.Смағұлова, А.Сейілхан, А.Ислам т.б. еңбектерінде көрініс табады.

Демек, қандай да болмасын заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, әр түрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тюркская ономастика. – Алма-Ата: Наука, 1984. Баскаков Н.А. «Имена половцев и названия половецких племен в русских летописях» – С. 75
2. Плетнева С.А. Половцы. – Москва:Наука, 1990 – С. 60
3. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы:Атамұра, 2000. – 372 б.
4. Востров В. Муканов М. Родо-племенной состав и расселение казахов. – Алма-Ата, 1968
5. Баскаков Н.А. Тюркизмы-энонимы в «Слове о полку Игореве». Сов.тюркология. 1982 №5
6. Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Әуезова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 175 б.
7. А.Әбдірахманов Қазақстан этнотопонимикасы. –Алматы: Ғылым, 1979. 67-93 б.

8. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва:Наука 1967. – С.123
9. Махмұтова А. Эпиграфиялық мұраларды зерттеу тарихынан. – Алматы, 1971. –34 б.
10. Никонов В.А. Имя и общество. – Москва: Наука, 1974 – С. 56.
11. Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюрско-арабско словаря» – Алма-Ата: Наука, 1970. С. 76-223
12. Ғабитхан Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тілінде тұрақты тіркестер. – Алматы, 1995

УДК 81:(=512.122)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТУЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АНА, ӘКЕ, ҰЛ, АҒА, ІНІ, ЖЕҢГЕ, НАҒАШЫ, ЖИЕН АТАУЛАРЫНЫҢ БАСҚА ДА ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Асхатова Фариза Ерденқызы

Fariza_20@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану кафедрасының
4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Бөгенбаев

Отбасылық туыстық қарым-қатынастар туыстық және жақындық атаулармен тығыз байланысты. Түркі халықтары (өзбек, түркімен, тәжік, қырғыз, қарақалпақ) мен қазақтарда туыстық және жақындық атауларының түрі мен мазмұны бір-біріне өте жақын. Мәселен, «аға», «жиен» атауларын салыстырып қарағанда бұл атаулар әр халықта бірдей бір-біріне жақын, ұқсас келеді. «Аға» деген атаумен айтушының бірге туған ағасы, немере, шөбере, аталас жасы үлкен еркектер, әкесінің інілері аталған. Ал «жиен» деген атаумен айтушының қызынан бірге туған апа-қарындастарынан немесе немере, шөбере және аталас апа-қарындастарынан туған бөлелер аталады. Күйеуге әкесінің әкесі де, әйеліне күйеуінің әкесі де «қайын ата» делінеді. Осы сияқты көптеген туыстық, құдандалық жақындық категорияларына ортақ атаулар өте көп. Бұл арадағы қазақтағы туыстық және құдандалық жақындық жүйесінің атаулары айтушыға аталушының жасының үлкен-кішілігіне, жынысына қарай жіктелетінін еске алғанымыз жөн. Мұнымен бірге атаулар әке және шеше тарапынан туыстық, құдандалық жақындыққа байланысты жіктелетінін де еске сақтауымыз қажет. Қазақ және басқа түркі халықтарының арасындағы туыстық және жақындық қатынастарға байланысты қалыптасқан жүйе тұрақты жүйе, ал қалыптасқан атаулар жоғарыда аталған жұртшылыққа ортақ болып саналады. [1]

Қазақта туыстық қатынастарды өзара сабақтас үш топқа бөліп атайды. Біріншісі — адамның әкесі жағынан туысатын өз жұрты, әйелдер төркін жұртым деп атайды. Екіншісі шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты. Ал үшіншісі әйелі не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты [2,187 б]. Қазақ халқы сияқты, көптеген түркі халықтары да туыстық жақындықты әке жағынан есептейді.

Мысалы, түркі халықтарының ортақ мұрасы саналатын туыстық атаулардың осындай ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау мақсатында, төменде қазақ тілінің *ана, әке, ұл, аға, іні, жеңге, нағашы, жиен* туыстық терминдерін басқа түркі тілдерімен салыстыру қолға алынды. Туыстық қатынастар мен атауларға байланысты материалдар жинау барысында көне түркі жазбалары, хакас, чуваш этимологиялық сөздіктері және М.Қашқаридың сөздігі басшылыққа алынды.

Ана – сәби сүйген әйел заты (шеше). Қазақ тілінде ана, шеше күйінде болса, қырғыздарда ана, ене формасында қолданылады. Түркі халықтарының көбісінде: ана – «шеше», тел., шор – энә (әнә) – шеше, ене. Алтай тілінде – «кемпір, әйел». Кейбір түркі тілдерінде екі нұсқасы да бар: ана – «шеше» және ене – «қайын ене». Туыстық атау ретіндегі негізгі мағынасымен бірге ана сөзінің басқа мағыналары бар. Мысалы, В.Радлов сөздігінде: